Жедел-іздестіру, қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыратын органдар қызметкерлерінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге қызметтік іссапарларына арналған валюта қаражатын жұмсаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 592 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы № 867 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2024 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жедел-іздестіру, қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыратын органдар қызметкерлерінің республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге қызметтік іссапарларына арналған валюта қаражатын жұмсауды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген құқықтық көмек көрсету туралы тапсырмаларды орындау кезінде қатысу және/немесе іс жүргізу және өзге де әрекеттерге қатысу үшін жедел-іздестіру, қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыратын органдар қызметкерлерінің (бұдан әрі - қызметкерлер) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге қызметтік іссапарлары республикалық және жергілікті бюджеттерден тиісті ағымдағы бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бөлінген қаражат есебінен жүргізіледі;

2) қызметкерлерге көліктік шығыстар:

темір жолмен жүргенде - купе вагон құнының мөлшерінде ("Турист" және " Бизнес" сыныптарын қоспағанда);

су жолдарымен, тас және топырақты жолдармен жүргенде - сол жерде қолданылатын жол жүру құны бойынша өтеледі;

3) қызметкерлерге басқа көліктік шығыстар, тұрғын үйді жалға алу жөніндегі шығыстар, тәуліктік шығыстар заңнамада белгіленген нормаларға сәйкес өтеледі деп белгіленсін.

2. Іссапарға жіберілген қызметкерге іссапарға барар алдында көліктік шығыстарды, тұрғын үйді жалға алу жөніндегі және тәуліктік шығыстарды

төлеуге арналған сомалар шегінде ақшалай аванс беріледі. Іссапардан оралғаннан кейін қызметкер үш жұмыс күні ішінде мына құжаттарды қоса бере отырып, ақшалай қаражаттың нақты шығыстары туралы аванстық есепті ұсынуға тиіс:

1) тұрғын үйді жалға алғаны жөніндегі түбіртек, оның ішінде баратын пунктке жеткенге дейін болған пункттерінде;

2) шот-фактураны міндетті түрде қоса бере отырып, (арнайы рейсті пайдаланған жағдайда талап етілмейді) бару-қайту жолақысына арналған билеттер (таксиді қоспағанда); әуежайлар әкімшіліктері көздеген жағдайда әкімшілік алымдарының түбіртектері;

3) іссапар куәлігі;

4) іссапар куәлігінде шекарадан өткені туралы белгі болмаған жағдайда паспорттың көшірмесі.

Пайдаланылмаған іссапарлық валюта қаражатының қалдығы үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның кассасына қайтарылуға тиіс.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК